

1	2
Жарықдиодтық шамдар	Жарықдиодты қызмет мерзімі – 5 мың адам және жоғары, ол «қосу-ажырату» циклдер санына байланысты емес. Олар механикалық әсер мен дірілге аса төзімді және тұрақты, кернеудің түсуінен қорықпайды, -25% төмен температурада тез қосылады. Шамдар құрамы сынап және басқа зиянды заттардан тұрмайды, ультра күлгін және инфрақызыл сәулеленуді реттейді, оларда кез келген жарылу болмайды.
Инфрақызыл детектор	Тікелей адамға әсер етеді, егер осы детекторға біреу тақалса, жарық жанады. Осы құрылғыға уақытты кешіктіретін ажыратқыш орнатылған, ол адам детектордан көз таса болған сәттен кейін бегілі бір уақытта жарықты сөндіреді. Жиі қозғалыс есептегіші жалпы пайдалану орындарында орнатылады. Дәлізде және сантехникалық торапта инфрақызыл детекторды орнатамыз.
«Ымырт» ажыратқыш	Жарықтың белгілі бір мәніне жөндейді, бұл ретте ол кәсіпорында жарық жеткілікті болса, жарықты жағуға мүмкіндік береді немесе, керісінше, қараңғылық түсетінін «сезеді» және қараңғы түскен кезде сыртқы жарықты жағады.
Жарық реттегіш	Шам жарығының ашықтығын реттейтін құрылғы. Мысалы, егер сіз теледидар көріп отырсаңыз, сізге бөлмедегі ашық жарықтың қажеті жоқ. Ендеше сіз жарық реттегіштің тұтқасын бұрап, жарықты өшіресіз. Қонақ үй жағдайында бұл үшін қарапайым жарық реттегіш жеткілікті.
Пластикалық карточка	Беріліп, есікті ашуға болады, тұрақты орнына қойылған кезде жарық беріледі. Ал бөлмеден шыққанда пластикалық карточка тұрақты орнынан алынған кезде бүкіл жарық, электр энергиясы өшеді және есік те жабылады.

Кез келген энергиялық ресурстарды үнемдеу, оның жалпы пайдалануын төмендетеді. Сондықтан, электр қуатын, суды немесе жылуды үнемдегенде, ақшанды сақтаумен қатар, бүкіл планетаға ресурстарды үнемдеуге қатысамыз. Тұтынушылардың үнемсіз пайдалануынан электр қуатының 20% ысырап болады екен. Мұндай жағдай бос бөлмеде жарық жанып тұрғанда, теледидарды ешкім көрмесе де, қосып қойғанда орын алады. Бұзылған шүмектен ағып тұратын суық су тамшылары қосыла келе, үлкен тасқынға айналып, ішуге жарамды судың 20%-ы босқа ағады.

Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, электр энергиясын үнемдеудің тиімді жақтарын өз елімізде пайдалана білсек және заман талабына сай электр қуатын үнемдейтін құрал-жабдықтарды қолдансақ, еліміздегі өзекті мәселенің шешімін табуға өз септігін тигізеді деп ойлаймыз.

Әдебиеттер

1. Астана ақшамы, Шопаева А. 2014ж «Энергияны үнемді пайдалану тәсілі». Астана қ. 8-бет.
2. Ғаламтор көздері: <http://astana.kz/>
<http://www.centrenergooavtomatika.ru/mir/20-mirovaya-praktika>
3. «KEGOC» Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясының ресми ақпараты
4. //Ж.Жағыпарұлы «Электр қуатын тиімді тарату - тапшылыққа тосқауыл» Егемен Қазақстан, 2008 ж. Астана қ. 4-бет.

**Шакеев С.С., э.ғ.к., доцент, Оразбекова А.О., магистрант
(академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)**

КӘСІПОРЫНДАҒЫ ҚОРЛАРДЫҢ АУДИТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Қазақстанда нарықтық қатынастар енгізілуімен бірге экономикалық субъектілердің қаржылық қорытынды есебін пайдаланушылардың қажеттіліктерін ол ақпараттардың дұрыстығын дәлелдеу түрінде қамтамасыз етуші тәуелсіз бақылау жүйесі өркендеп дамып келеді. Аудиторлық қызметті реттеуші стандарттар енгізілуде, аудиторлар жұмыстарының сапасына кәсіби бақылау жүйесі жақсарып келеді, сондай-ақ, бұл салада кәсіби мамандар даярлауға қосымша талаптар қойылуда.

Аудиторлық тексеру барысында ешқандай қате қаржылық есебі мүлтіксіз дұрыс болған жағдайда, бухгалтерлік есеп заңдылықпен, мемлекет бекіткен ереже-нұсқау талабына, бухгалтерлік аудиторлық стандарттарына сәйкес жүргізілген жағдайда ғана беріледі.

Қорлар аудитінің мақсаты – өндірістік қорлар бойынша ақпараттың толықтығы және шынайылығын, тексеріп отырған кәсіпорынның қаржылық есеп беруі мен түсініктеме хатында көрсетілген мәліметтермен сәйкестігін тексеру [1].

Қорлар есебі мен аудитінің міндеті :

1) расталған есептік мәліметтердің, техникалық паспорттардың, басқа да құжаттар мен түгендеу журналдарының негізінде еңбек құралдарының барлық түрлерінің сақталуына жүйелік бақылауды ұйымдастыру;

2) өндірістік қорлар мен тауарлар келіп түсуін, шығарылуын, қозғалысын есепте уақытылы және дұрыс көрсетілуін қамтамасыз ету және тексеру;

3) өндірістік қорлар тозуының дұрыс есептелуіне және тиімді пайдаланылуына бақылауды ұйымдастыру және қор қайтарылымын арттыру жөніндегі шараларды дұрыс ұйымдастыру;

4) сапалы және физикалық тұрғыдан ескірген өндірістік қорларды жедел айқындау;

6) өндірістік қорлар мен тауарлар бойынша дұрыс есептеме жасау үшін бухгалтерлік есептің деректері банкін уақытылы және дұрыс қалыптастыру және оны тексеру.

Қорларды талдаудың негізгі міндеті сәйкес қорлармен өндірістің қамтамаз ету деңгейінің айқындауы және олардың пайдалану тиімділігінің бағалауы болып табылады. Талдаудың бірінші кезеңінде өндірістік қорлардың динамикасының қарқыны, активтердің көлемінде жеке салмағы жалпы соманың көрсеткіштері қарастырылады. Талдаудың екінші кезеңінде негізгі топтардың және олардың түрлерінің кесіндіде қорлардың құрылымы зерттеледі, олардың мөлшермелердің маусымдық ауытқуы айқындалады. Талдаудың үшінші кезеңінде қорлардың және жалпы олардың көлемі топтарының және әр түрлі түрлердің тиімді пайдалануы зерттеледі. Талдаудың төртінші кезеңінде осы шығындардың жеке түрлерінің кесіндіде қорлардың қызмет көрсетуі бойынша ағымдағы шығындардың құрылымы және көлемі зерттеледі [2].

Қорларды тексерген кезде, егер аудитордың жұмыс жоспарында өзгеше көзделмесе аудитор өндірістік қорлармен байланысты есеп аумағын, есеп беру баптарын, яғни олар өндірістік қорлардың жөндеуге кеткен шығындарды, өндірістік қорларды жалға бергеннен түскен пайда мен жалға алғанға кеткен шығын, өндірістік қорларды шығуынан түскен пайда мен шығын, аяқталмаған құрылыс және мүліктік салық бойынша міндеттемелерді тексереді.

Қорлардың қолда барын, сақталуы мен пайдалану аудитінің бағдарламасының құрамдас элементі болып келесі тексерістер табылады:

- өндірістік қорлардың бар болуын сипаттайтын баланс баптарының Бас кітаптың мәліметтерімен сәйкестігі;

- өндірістік қорлардың қолда бары мен сақталуы;

- мүлікті қорларға жатқызудың, оларды жіктеу бойынша топтастырудың, өндірістік процеске қатыстылығы;

- өндірістік қорлардың түсуі мен істен шығуы жөніндегі операциялардың есебінде бағалаудың, рәсімдеудің және көрсетудің дәлдігі;

- өндірістік қорлардың тозуы мен жөндеуін есептеу мен көрсетудің мақсатқа сәйкестілігі;

- бухгалтерлік есеп пен есеп регистрлерінде қорлардың бар болуы мен қозғалысы туралы мәліметтерді дұрыс көрсетудің жүйелілігі;

- өндірістік қорларды пайдаланудың оңтайлы ісі мен тиімділігі және т.б.

Өндірістік қорлар аудитінің жоғарыда көрсетілген процедураларының мазмұнын ескере отырып, мыналарды зерттеп білу қажет:

1) Өндірістік қорлардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша нақты шаралар қабылданды ма, кәсіпорының басшысының бұйрығымен материаларға жауапты адамдар тағайындалды ма, олармен толық және материалдық жауапкершілік туралы жазбаша келісім – шарт жасалды ма;

2) Өндірістік қорлардың сақталуын қамтамасыз ету үшін, материалды жауапты адамға жағдайлар жасалды ма, жабылатын қойма ғимараттары бар ма, олар күзет сигнализацияларымен жарақтандырылған ба ?

3) кәсіпорын аумағынан тауарлы – материалдақ құндылықтарды тасып – шығару тәртібі ұйымдастырылған ба, басшының бұйрығымен негізгі құрал – жабдықтардың сақталуын тексеру үшін тұрақты комиссия тағайындалды ма?

4) Өндірістік қорларды сақтауды түгендеу (инвентаризация) мен іріктемелі тексерістер жүргізілді ме, олардың қорытындылары рәсімделген бе, кем шыққан жағдайларда айыптыларға қандай шаралар қолданылады?

Өндірістік қорлар аудиті жоспарлаулауды біріншіден қарастырады. Аудиторлар өз жұмысын тексерілетін ұйыммен танысудан бастауы керек. Бұл үшін құрылтайшылар құжаттарын, қызмет түрлерін және олардың лицензияларын, есеп саясатын және т.б. зерттеу қажет. Ұйым басшылығы мен мамандармен әңгімелесіп, қаржылық есеп берумен, оның негізгі көрсеткіштерімен танысу қажет. Бұл клиент қызметінің масштабын анықтау үшін керек. Ұйымды алдын ала зерттеу нәтижесінде ғана алдағы жұмыс көлемінің шамасын және еңбек сыйымдылығын, сонымен қатар аудит ұзақтылығын анықтауға болады. Жұмыс көлемі, оның қиындылығы мен ұзақтығына байланысты аудит құны анықталады. Жоспарлау процесін келесідей кезеңдерге бөлуге болады.

- алдын ала жоспарлау;
- клиент туралы жалпы ақпаратты жинау;
- аудиторлық тәуекелдікті бағалау;
- ішкі бақылау жүйесін бағалау;
- аудиттің жалпы жоспарын мен бағдарламасын даярлау.

300 «Аудитті жоспарлау» ХАС-ның мақсаты – аудитордың қаржылық есептілік аудитін жоспарлауға жауапкершілігін орнату және нұсқау беру. Бұл ХАС қайталама аудиттер мән мәтінінде құрылған. Сондай-ақ аудиттің бастапқы келісімінде аудитор қарастыратын мәселелер жеке түрде енгізілді [3].

Аудитті жоспарлау келісім бойынша жалпы стратегия жасау мен аудиттің жоспарын дамытудан құрылған. Адекватты жоспарлау сондай-ақ:

- аудитордың назарын аудиттің маңызды салаларына түсіруге көмектеседі;
- аудиторға дер кезінде ықтимал проблемалар анықтау мен шешуге көмектеседі;
- аудиторға тиісті мен сәйкесті түрде орындалуы үшін аудиттің келісімді лайықты түрде жұмылдыру мен басқаруға көмектеседі;
- күтілген тәуекелдіктерге амал шараларды орындау үшін құзыреті мен қабілеті тиісті түрдегі деңгейлері бар жоба бойынша жасақтың мүшелерін тағайындауға, жоба бойынша топтың мүшелерінің жұмысын үйлестіруге көмектеседі;
- жоба бойынша топтың мүшелерін бағыттау және қадағалауға, олардың жұмыстарын шолу жасауға көмектеседі;
- жарамды жерінде, құрамдас бөліктердің аудиторлары мен сарапшылардың жасаған жұмыстарын сәйкестендіруге көмектеседі.

Қорлар аудитінің жалпы жоспарының мысалы 1 кестеде көрсетілген.

Кесте 1

Қорлар аудитінің жалпы жоспары

Атауы	Берілгендер
Тексерілетін ұйым:	Кәсіпорын атауы
Тексерілетін мерзім:	Тексерілетін дата жазылады
Тексеруді өткізу кезеңі:	
Аудиторлық тексерудің жетекшісі:	
Жоспарланған аудиторлық тәуекел:	
Табылмау тәуекелі:	
Жоспарланған мәнділік:	

$$\text{ҚАТ} = \text{ІШТ} * \text{БТ} * \text{ТАТ}, \quad (1)$$

мұндағы:

ҚАТ – қолайлы аудиторлық тәуекел

ІШТ - ішкі шаруашылық тәуекел

БТ - бақылау тәуекелі

ТАТ-таба алмау тәуекелі

Аудитор болжамы бойынша ішкі шаруашылық тәуекел 90%, бақылау тәуекелі 55%, және таба алмаушылық тәуекелі 9,6%, яғни аудитор өз мойнына қаржылық есептіліктің таба алмаушылық тәуекелін осындай мөлшерде алуға дайын болды. Осылайша есептеу барысында аудиторлық тәуекелділік саны $4,8\%(90\%*55\%*9,6\%)$ болды.

Бұндай жоспар аудиторға тиімді аудиторлық тәуекел деңгейін алуға көмектеседі, бірақ кейбір жағдайларда тиімділігі аз болады.

Компанияға бұдан да тиімді жоспар құруға тәуекелділікті анықтаудың басқа жолын қолдануға болады, нақтырақ айтқанда, таба алмаушылық тәуекелін анықтап, жинақтауға жататын куәларды табу.

Осы мақсат бойынша аудиторлық тәуекел келесі түрге өзгереді:

$$\text{ТАТ} = \text{ҚАТ} / \text{ІШТ} * \text{БТ}, \quad (2)$$

Тәуекел моделінің бұл формасында негізгі көрсеткіш болып таба алмау тәуекелі саналады, немесе ол алдын ала қажетті куәларды жинайды.

Аудиторлық тәуекел моделіне жүгіне отырып, аудиторлық тәуекел мен таба алмаушылық тәуекелі арасында тікелей тәуелділік бар деген қорытынды жасауға болады. Аудит мақсатының толықтығы, тексерілетін объектінің шаруашылық қызметін тексеру барысында әртүрлі тәсілдерге жүгіне алады. Аудиторлық тексерісті тек құжаттар мен есептілікті тексеру деп ойлау қателік болар еді.

Аудитор жұмысын дұрыс жоспарлау аудиттің маңызды саласында қажетті көңіл бөлуге, потенциалды проблемаларды анықтауға және жұмысты уақытында аяқтауға көмектеседі. Сонымен қатар жоспарлау аудитор ассистенттері арасында тапсырманы дұрыс бөлуге және басқа аудиторлар мен сараптаушылар орындайтын жұмысты үйлестіруге көмектеседі [4].

Қорлар есебінің аудит бағдарламасының мысалы 2 кестеде көрсетілген.

Кесте 2

Қорлар есебінің аудит бағдарламасы

Аудит процедуралары	Ақпарат көздері мен бағалау критерийлері
1	2
1.Материалдық-техникалық қамтамасыз ету мен бухгалтерлік есепті ұйымдастыруды талдау	Жылдық,тоқсандық және ағымдағы есеп, сонымен жедел мәліметтер
2.Бастапқы есепті,қорлардың қозғалысы туралы есеп беру жағдайын тексеру	Қойма есебі карточкалары ТМҚ жоғалту туралы акті
3.Қорларды синтетикалық және аналитикалық есебінің дұрыстығын тексеру	Бас кітап, 6, 7, 10 журнал ордер есеп регистрлері
4.Баланстағы қорларды бағалаудың дұрыстығын тексеру	материалдық құндылықтарды түгендеу актісі
5.Қорлар бар болуымен сақталуын,уақтылығымен дұрыстығын зерттеу	Материалдарға жауапты адамдар мен шарттар, бастапқы құжаттар, түгендеу актілері
6.Қойма шаруашылығын ұйымдастырудың дұрыстығын зерттеу	Техникалық құжаттама, қойма шаруашылығын ұйымдастырудың стандарттары мен нормативтері

1	2
7.Қойма есебін, қорлардың қозғалысы бойынша бастапқы құжаттарды рәсімдеудің дұрыстығын тексеру	Бастапқы құжаттар, қойма есебінің картокалары
8.Кәсіпорынның өндірістік қорлармен соңғы есеп беру күндерінің қамтамасыз етілуін бағалау	Стандарттар, нормалар мен нормативтер, техникалық шарттар
9.Түскен материалдарды алуды тексеру	Бастапқы құжат, шот-фактура, кіріс ордері
10.Өніммен жабдықтау, жұмыспен қызметті орындау, сақталуын бақылау	Бас кітап, шарттар, нарядтар, сертификаттар
11. Қорларды өндіріске босату жөніндегі операциялардың негізділігімен оларды шоттарда көрсетудің дұрыстығын талдау	10 журнал ордері, бас кітап
12. Қорларды бағалау тәсілдерін таңдаудың дұрыстығын тексеру	6,10 журнал ордер
13. Қорларды өткізу мен қайта өңдеуге беру дұрыстығын тексеру	Сенім хаттар, кіріс ордері
14. Қорларды табиғи кему, бүліну және оларды арзандатудағы белгіленген нормадан тыс кем шығуын есептеп шығаруға арналған құжаттар талдау	Түгендеу актісі, нарықтық баға мен сатып алу бағалары туралы мәліметтер

Аудитор бағдарламасында аудиторлық дәлелдемелер жинау үшін қандай аудиторлық процедураларды және қандай көлемде орындау қажеттігін айқындау қажет. Аудиторлық бағалауға қажетті ақпараттың көлемі қатаң реттелмейді. Экономикалық субъектілердің бухгалтерлік есебінің дұрыстығы жайды қорытынды құрастыру үшін қажетті ақпараттың көлемі туралы аудитор өзінің мамандық пайымдаулары ретінде өзіндік шешім қабылдау міндетті. Дәлелдеулерді алу әдістерін таңдауда қаржылық ақпарат маңызды бұрмаланған болуы мүмкіндігін еске сақтаған жөн.

Әдебиеттер

1. Абленов Д.О. http://lib.nkzu.kz/cgi/irbis64r_01/cgiirbis_64.exe?Z21ID=&I21DBN=KNIGI_PRINT&P21DBN=KNIGI&S21STN=1&S21REF=&S21FMT=fullw_print&C21COM=S&S21CNR=&S21P01=0&S21P02=0&S21P03=M=&S21STR= Финансовый контроль и углубленный аудит: теория, методология, практика / Д. О. Абленов. - Алматы : Экономика, 2007. - 608 с.
2. Нүрсейітов Е.О., Аударған: Акишев М.К. Ұйымдарғы бухгалтерлік есеп. Оқулық құралы. Алматы, 2012, 428 с.
3. 300 «Аудитті жоспарлау» ХАС, www.minfin.kz
4. Жалғасбаева А. Алматы, Экономика. «Аудит», 2014. – 244 б.

Ламбекова А.Н. э.ғ.м., докторант (Нархоз Университеті)

ІШКІ АУДИТ ЖҮЙЕСІ

Дамыған ішкі бақылау жүйесі, тәуелсіз және тиімді ішкі аудит қызметі, корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Ұйымдағы қадағалау органдары ішкі аудиторлардың тиімді жұмыс атқаруларын олардың тексеру нәтижелерін қадағалай отырып, аудиторлардың ішкі бақылау жүйесіндегі кемшіліктерді жоюды қаншалықты уақтылы және дұрыс жүргізілуі арқылы бағалайды.

Ішкі аудит қызметі ұйымның ішкі бақылау жүйесінің жағдайы туралы қажетті ақпаратты банктің директорлары және атқарушы органдардың кеңесін сонымен қатар